

А.К. Төлегенов¹

¹Л.Н. Гумилов атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс докторанты

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАСТЕК-1 ҚАЛАСЫНЫҢ КӨЗЕ ӨНДІРІСІ

Аңдатпа

Мақалада, ортағасырлық Қастек қаласының көзе өндірісі туралы баяндалады. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған заттай материалдардың басым бөлігін – керамика бұйымдары құрады. Оларды дайындауда жергілікті шикізат қолданылған. Көзе бұйымдарының өрнектік көркемдігі тартымды: сырты безендірілуі бойынша өрнектелген, жұлдызша, штамп түсірілген.

Кілт сөздер: Ортағасыр, керамика, Қастек қаласы, құмыралар, өркениет, Жетісу.

A.K. Tolegenov¹

¹Doctoral student of the 1-st year of the Eurasian national University L.N. Gumileva

ABOUT PRODUCTION OF A JUG OF THE MEDIEVAL SETTLEMENT KASTEK-1

Abstract

The article describes the production of pitchers in the medieval settlement of Kastek. Most of the natural materials found during archaeological excavations were ceramic products. Local raw materials were used in their manufacture. The ornamental expressiveness of eye products is attractive: an ornament, an asterisk, and a stamp are applied to the exterior finish.

Keywords: Middle ages, ceramics, Kastek settlement, jugs, civilization, Zhetysu.

А.К. Төлегенов¹

¹Докторант 1-курса Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилова

О ПРОИЗВОДСТВЕ КУВШИН СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩЕ КАСТЕК – 1

Аннотация

В статье рассказывается о производстве кувшин средневекового городище Кастек. Большую часть найденных в ходе археологических раскопок натуральных материалов составили керамические изделия. При их изготовлении использовалось местное сырье. Привлекательна орнаментальная выразительность глазных изделий: по внешней отделке нанесены орнамент, звездочка, штамп.

Ключевые слова: Средневековье, керамика, городище Кастек, кувшины, цивилизация, Жетісу.

Ортағасырлық қалалар мен қоныстарға жүргізілген қазба жұмыстарынан шыққан заттардың басым бөлігін керамика бұйымдары құрайды. Олардың басым бөлігі қазба жұмыстары барысында бүтін күйде табылса, кейбірі сынық бөлшектерден тұрады. Олар пішіндері, түсі мен жасалынуы жағынан біркелкі емес. Бұл керамика бұйымдарының қолдану аясына қарай жасалғанып, пайдаланғандығын да аңғаруға болады. Ерекшеліктер қыш бұйымның жасалған өндіріс орындарына да байланысты.

Жалпы VI-XIII ғ. басындағы қалалар мен қоныстардың қыш ыдыстары Орта Азияның басқа аудандарында кездесетін ыдыстардан өзгешеленіп тұратын бірқатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Тек көршілес аудандар ғана емес, еліміздің өз ішінде де жекелеген өңірлер бойынша да кейбір керамикалар бір-бірінен ерекшеленеді. Сонымен қатар барлығына ортақ жалпы ұқсастықтар байқалғанымен, олар көбіне уақыт шегіне (кезеңдерге) байланысты болып келеді. Кейбір бұйымдардың пішіні бірнеше ғасырлар бойы сақталғанымен, жасалынуы мен өрнектелуінде айырмашылықтар кездесіп жатады. Бір қарағанда пішіндері бірдей ыдыстардың да геометриялық тұрғысына қарай өзіндік белгілері болады. Келесі бір ыдыстар тіпті барлығынан бөлектеніп тұрады. Мұндай қыш бұйымдарды жеке бөліп те қарастыруға болады. Дегенмен қыш бұйымдар құрамы, жасалыну технологиясы, қолдану аясы және т.б. қарай ажыратылады.

Ортағасырлық Қастек қаласынан табылған керамика бұйымдарының екі түрі кездеседі: асханалық және су құюға арналған. Құмыралар тәртіп бойынша, центрлес немесе олардың әртүрлі амалдарымен үйлескен үйреншікті толқынды сызықтармен өрнектелген. Ернеуі әдеттегідей тік, тамшы түрінде үйлескен. Тұтқалары бүгіліп иілген пішінде. Құмыралар бір-бірінен көлемі, пішіні мен өрнегі бойынша ерекшеленеді. Асханалық құмыралардың биік келген мойындары тар (ернеуінің диаметрі 5-7 см). Биіктігі 8-12 см мойындары дискі түріндегі түпті дөңгелек (күмпиген) бүйіріне жалғасқан. Мойындары мен бүйірлерін бүгілген қимасында дөңгелек немесе жалпақ, кей жағдайда бір немесе бірнеше томпайған тұтқалары жалғап тұрады. Құмыралар тығыз, майда өзен құмы мен сирек жағдайда бор қосылған жақсы иленген саз балшықтан жасалған. Олардың бетіне қарапайым ангоб қабатты ұқыпты көмкерілген. Құмыралардың өрнектелуі біркелкі: әдетте бір немесе бірнеше центрлес немесе толқынды сызықтар әртүрлі биіктік пен есу жиілігінде түсірілген. Сирек жағдайда батырылған сызықтар мен толқын тәрізді және центрлес жолақтардың үйлесуі кездеседі [1, 101-б.].

Қыш бұйымдары үш хронологиялық кезеңге бөлініп қарастырылады: 1) VIII ғасырдың соңы мен – X ғ. басы; 2) X ғ. – XIII ғ. басы; 3) XIII ғ. – XIV ғ. басы.

Қыш бұйымдарды сыныптаудың басты өлшемі морфологиялық, сапалық және сандық кейіптері болды. Бұның негізіне Үзген II және Үзген III [2, 225-б.] қалашықтарынан табылған қыш бұйымдарын зерттеу кезінде жасалған сыныптаулар алынды. Технологиялық белгілеріне байланысты қыш бұйымдарды екі үлкен топқа бөлеміз: құйылған және станоктік. Сонымен қатар орта технологиялық өңдеулердің де белгілері қаралды: жылтырату, бояу, сурет салу және оюлау, құймаға қосылған қоспалар. Олардың атқаратын функционалдық міндеттеріне байланысты да класстар мен түрлерге бөлінеді. Айырым белгілері оның дене пішіні мен құяр аузының түріне байланысты, сонымен қатар әр түрлі қосымша бөлшектері де оларлы бөлудің принциптері мен түршелерден тұруына қызмет етеді.

Барлық қыш бұйымдары үш топқа бөлінеді: құйылған қыш бұйымдары, қол және пышақ шеңберден жасалған станоктік және суландыру станоктік.

Қыш бұйымдарды олардың массалық құрамы мен жасау тәсілдеріне және қолданылуына байланысты жеті классқа жіктеуге болады: 1- құйылған шомбал қыштар; 2-қыш шеңберде жасалған ас үй бұйымдары; 3-қыш шеңберде жасалған тұрмыстық ыдыстар; 4-хум (1-4 түрлері жыттыратылмаған ыдыстарға жатады); 5-жылтыратылған қыш бұйымдары; 6-ерекше технологиялық жағдайларда жасалған, арнайы мақсатта пайдалануға арналған қыш бұйымдары (су жүргізу құбырлары); 7-құрылыс материалдары (күйдірілген кірпіш, тандыр ошақтар, пеш).

Қыш бұйымдардың алғашқы тобы – құйылған шомбал қыштар. Қазандықтар, кәстрөлдер, хумдар және ас сақтайтын құралдар фрагменттер ретінде жасалған. Мұндай ыдыстарды жасау үшін жергілікті шикі құрамында темірі бар батпақ-дала шпаты, кварц, қоңыр әк, шақпақ тастың мол мөлшері бар қоспасымен қолданылады. Дайын болған батпақтың иілгіштігін азайту мақсатында гранитті шөгінділер, қамыс мамығы, қамыстың ұсақталған сабаңдары пайдаланылады. Табалар мен қазандықтарды жасау үшін пайдаланылатын қоспаға гранитті шөгінді, ал оның отқа төзімділігін арттыру үшін көп мөлшерде, 1:2 қатынасында қосылады. Тамақ дайындауға арналған табаларды дайындау үшін жасалатын жасанды қоспалардың да қатынасы осындай болады. Сонымен қатар микроскопиялық талдаулар дәлелдегендей, қыш ыдыстардың басқа топтарындағы (3-4) жасанды қоспалардың мөлшері хумдарда (1:7), құмыраларда (1:6) мөлшерінде болады. Толық емес отта қыздыру 750-800 градуста өткізіледі [3, 47-б.].

Тұтқасыз құмыралар. Мұндай құмыралар әдетте, цилиндр пішініне келтірілген, мойыны қусырылып басталып, одан әрі іші көлемге ие болады, ол түбіне тақағанда тарылып, қусырылады. Түбі тегіс. Оны әсемдеудің бірнеше үлгісі бар: жақсы пішінделген, үш бұрышты бөлімі ірі көлемге ие, сыртқа бұралған; үш бұрышты формасы сыртқы бөліміне қарай доғаланған, пішімделмеген. Тік бұрышты бөлімді, мойыны қабырғасынан бөлек. Табалар әдетте дөңгелек табанды болып келеді, көлемі 16-27 см диаметрі аралығында өзгеріп отырады, қабырға тік майыстырылған болып келеді. Өрнектері тік, қолмен салынған, саусақ іздері байқалады.

Сыртқы және әсіресе ішкі бетінде құйма қыш бұйымдарының бар екендігі байқалады, себебі саусақпен салынған іздер бар. Бұйымды сыртынан қолмен немесе шөптердің бумасымен сыланған.

Қыш бұйымдардың екінші тобы өзінің технологиялық қасиетімен ерекшеленеді. Ол қолдан құйылған қалыпта әзірленіп шығады және құйма-сылақты қыш ыдыстардан ерекшеленеді. Ұяшықтары симметриялы орналасқан әрі оны пішінге келтіру де оңай, пішімдері көзге әдемі көрінеді. Өрнектері жақсы пішімделген [4, 76-б.].

Су таситын көзелердің биіктігі 0,4-0,5 м дейін жетеді бүйірі дөңгелек пішінді, мойыны мен өрнектері биік емес, көп жағдайда бірігіп кеткен болып кездеседі. Доға әрі бөлімді болатын тұтқасы бүйірі мен денесін жалғастырады. Көзелер көлемі жағынан ерекшеленеді, бірақ олар ас үй көзесіне қарағанда үлкен болып келеді. Бұл көрсеткен уақыттағы тұтқалар дәл оның көрінісін таппаған, олар мына хронологиялық кезеңдегі көзелерге тән.

Көзелер тығыз, жақсы араластырылған қоспалардан дайындалған. Мойын аузын әсемдеу жағынан су таситын көзелер арасында 3 типке бөлінеді, әрі олар бірнеше әрі қарай түрлерге бөледі. Оның алғашқысына қарапайым тік аузы бар көзелер жатады. Екінші түріне аузында құяр аузы бөлек көрсетілген көзелер жатады. Тұтқасы иілер тұсқа жасалған, немесе одан биігірек, ал кейде дөңгелек немесе дөңес жапсырылған түрлері де кездеседі. Кейбірі табылған сынықтардан тұтқа мен бүйірін жабыстырған жерде адам саусағының іздері байқалады. Бүйір бөлігі әдетте өрнектелмеген болып келеді немесе үзік сызықтармен өсімдіктерге ұқсас етіп сәнделген болып келеді.

Көзелердің үшінші түріне өрнегі адамтекес немесе жануартекес тіршілік иелерінің пішінімен өрнектелген, құяр ауызы түтік немесе құбыр тәрізді етіп келтірілген, және бүйіріне жапсырылған, ұстайтын тұтқасы бар көзе жатады. Бұл көзелер сыртынан қалың қызыл түске немесе ашық түске боялған, кейде жоғарғы бөлігі жылтыратыла тегістелеген болып келеді. Тұтқасында иілген және жапсырылған іздер байқалады.

Адамтекес және жануартекес түрде жасалған су тасуға арналған көзелердің ең бір қызық түріне Талғардан табылған екі бірдей бүтін көзені жатқызуға болады. Олар өзен құмы қосылған қоспадан қалыпта айналдыра отырып жасалған, сыртынан қызғылт бояумен көмкерілген. Бірінші көзенің биіктігі 65 см алмұрт пішінді болып келеді (бүйірі 40 см) және мойыны ұзартылған (биіктігі 25 см, диаметрі 10 см) түрі адамның басына ұқсастырылған; оның мұры-ны тік, көздерінде-батпақ сақина (сақталмаған, қасының орны-қара түсті сызық, ауызы әйнек тәрізді шлактың бөлігі-мен жасалған. Мойын өрнегі ағындысымен қоса 3 түсті бас киім немесе тәжге ұқсастырылған, ол әйнек текес шлак-пен, көрсетіле отырып көзге қымбат бағалы тасты елестетеді. Иілген тұтқасы өрілген бұрымды елестетеді. Су тасы-ғыш ыдыстардың денесінде үш рельефті қылқан жапырақ бумасы тәріздес симметриялы етіп орналасқан. Олар, негізінен мойынға тағатын әшекейді, ал екі тіс тәріздес әшекей – киім өрнегі тәріздес етіліп орналастырылған [5, 269-6.].

Екінші көзе ыдыстың мойыны бар, әрі ол тасбақаның басы тәріздес етіліп өрнектелген. Көзе ыдыстар өзіне ұқсастықты, ең алдымен «қарлұқ» заманының қыш ыдыстарынан табады, оларда қолдан жасалған үшбұрышты жолақтары бар.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, зоо және антроморфтың бұл ыдыстар дінге табынушылық мақсатқа қызмет еткен. Ас үй көзелерінің төртінші түріне кең цилиндр пішінді мойыны бар, өрнектері әртүрлі – үшбұрышты, доғалы етіп таралған, сыртқы жағына қарай ойыстырыла жасалған су тасығыш ыдыстар жатады. Мойынынан сәл төменіректе көлденең тұтқа бекітілді. Оның төменгі бөлігі барып, сәйкесінше тарамдалған жіпше тәріздес етіліп орналастырылды, мойыны өрнектермен жалғасын тауып отырды.

Көзелердің бүйір қабырғасының табылған сынықтарына қарағанда, мұндай су тасығыш ыдыстардың денесі тік немесе ирек сызықтарды араластыра отырып, «жүгірген толқын», «шыршаны» бейнелейді, үшбұрыштың түрлерін араластыра отырып жасалған мұндай қысқа сызықтар таңба немесе ою арқылы орналастырылған.

Ыдыстардың енді бір түрі – құмыра тәріздес су тасығыш ыдыстар (құмыралар). Олардың денесінің төменгі жағы үрленген тәріздес, тік ауызы қусырылып, кейде сыртына қарай майыстырыла орналасады. Мұндай су тасығыш ыдыстар қиыршық тасты құм мен сазды топырақтан жасалған қоспадан дайындалып, сырты сары түсті бояумен көмкерілген. Кейбіреулерінде кептірген екендігін айқындайтын іздер бар. Бір немесе екі жалпақ тік тұтқасының жалғасқан жерлерінде саусақпен жапсырылған іздер байқалады. Мұндай су тасығыш ыдыстар Шу атырабындағы Баба-атаның VIII-X ғғ. жататын қабатында бар.

Қақпақтар. Қақпақтардың табылуы сирек кездеседі. Талғар қалашығында сыртқы бетіне торлы өрнек салынып әсемделген қақпақтың сынығы табылды.

Қақпақтардың ең бір кең таралған түрі диаметрі 25 см болып келетін, ұсақ тастан әзірленген қоспадан жасалғаны. Ортасында конус тәріздес немесе соңырауқұлақ тәріздес жапсырылған тұтқасы болады. Беті зооморфтық өрнектермен бейнеленген қақпақтар да кездеседі. Қақпақтың сырты көбіне қызғылт бояумен көмкерілген болып келеді, кейде шет жағында қолмен басып салынған өрнектер немесе маркалар кездеседі. Әлі күнге дейін ыдыстардың сирек кездесетін түріне құтылар жатады.

Ыдыстардың ең бір кең тараған түріне кесе мен ақ жұқа қабатты етіп жасалған табақтар жатады. Оның астына түссіз етіп қорғасын құйған. Қыштардың осы түріне жататын бұдан ертедегі түрлерінде қара, қызыл және қоңыр түсті жылтыратылған, сыланған суреттер болған.

Өрнектердің композициясы негізінен былайша құралған: негізгі өрнек сызығы әдетте 3 см дейін болады да оның барлық бөлігінің 5-ші бөлігін алып жатады. Ол жоғары жағында құяр аузында орналасады. Онда араб әріптері мен жазылған жазулар болады. Олар куфи әдісімен және керамикалық курсивпен жазылады. Әдетте кесенің бүкіл беті бос, яғни өрнексіз болады. Тек дәл ортасында шырмауық, дөңгелек немесе үтір белгісі болады.

Қыш бұйымдары жеңіл белгілермен оларды үйлестіре отырып салынды. Ортасынан басталып өсімдік бұтағы тәрізді жасыл түсте боялған өрнегі бар қыш бұйымдары да кездеседі.

Көзелердің негізгі тобын түссіз етіп құйылған қызыл түстегі қыш бұйымдары құрайды. Оларға өрнектер ақ немесе қара бояумен салынды. Ою-өрнек элементі ретінде ақ нүктелер, жазу мен әріпті өрнектерге толтырылған медальдар қолданылды. Түссіз жылтыратылған қыш бұйымдарында қара түсті және ақ түсті сызықтармен өсімдік түрлерін, геометриялық әдіспен келтіре отырып өрнектелген бұйымдар да кездеседі. Араб жазулары бар кеселер де кездеседі. Жасыл және қоңыр түсті құйма етіп жасалған ыдыс түрлері де бар [6, 265-6.].

XII ғ. мен XIII ғ. басындағы құйылмалы қыш бұйымдарына бөлшек өрнектер тән. Ол кесенің, табақтың, тәрелкенің барлық бөлігінде болады. Бірақ крестик тәрізді етіп бөліктерге бөлінген. Үшбұрышты және төртбұрышты етіп жасалған композициялар да кездеседі. Бұрынғыға қарағанда жылтырата салынған өрнегі бар түрлері көптеп қолданылады. XII ғ. белофондық қыш өндірісінде негізгі әрекет ретінде қоңыр-қызыл бояумен, кейде қызыл және қоңыр бояу жағылған кішкене табақшалар қолданылды. Табақша оның түбінің барлық бөлігін немесе оның ішкі бөлігін алып жатады. Жасыл немесе қоңыр-қызыл түсті жылтыратыла құйылған жылтыр қыш бұйымдар тарала бастады. XII ғ. ортасы – XIII басындағы уақыт жаңа тенденциялардың пайда болуымен ерекшеленеді. Шеберлер қыштың түрімен ерекшелік белгілерін жаңартуға тырысқан. Оның маңызды топтарына қоңыр түсті бояумен боялған қыштар жатады. Осы өрнектің әсерінен бұйым бетіне салынған ою сызықтары арқылы оның қалыңдығын жасырады. Осы әдіс «қор» техникасы арқылы (оюлары орнында, бояу өшірілген) Шығыс Жерорта теңізі, Кавказ аймағында, Қырымда соңғы Моңғол кезеңінде таралды. Ою өрнекті

сызықпен ұқсастыра салған түрдегі суреттер металды безендіруде еліктіре байланысты таралды. Сонымен қатар ойдан шығарылған өрнектерден бас тарту элементтері де кездеседі. Олар локальдық топтарға бөлініп, әртүрлі түстегі таңба ретінде орныға бастады [7, 158-6.].

Өрнектердің сызықтарының жіңішкелігі жылтырата нақышына келтіріп әсемдеудің аса белгілі техникасымен үндестік табады, ал өрнектердің әрекеті-жылтыратылмаған қоспадан жасалған ыдыс сыртындағы өрнектерде жатыр. Мұндай қыш бұйымдар XII ғ. ортасына дейін өмір сүрді. Осы уақыттағы керамика өткен уақыт керамика бұйымдарының дәстүрін жалғастырды. Бұрынғы бұйымдар әлі де қолданыс тауып отыр және олардың дайындалу тәсілінде, безендірілуінде айтарлықтай өзгерістер байқалмайды. Көк немесе аспан түсті, сонымен қатар қошқыл-жасыл, батпақ түстес және сары түсті құйма ыдыстар пайда бола бастады. Сондықтан, осы үш кезеңде де Іле атырабы мен оның маңындағы керамика бұйымдарының жасалуы ең алдымен Шу және Талас атырабымен, Ферғана және Оңтүстік Қазақстанмен тығыз байланыста екенін көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нуржанов А.А. *Исследования средневекового городища Кастека // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. – №6 (298). – Алматы, 2015. – С. 99-109.*
2. Заднепровский Ю.А. *Археологические работы Южной Киргизии в 1954 г. // Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. – М.: изд. АН СССР, 1960. – Т. II. – С. 225-226*
3. Нуржанов А.А., Тулегенов А.К. *Средневековый Кастек на Великом шелковом пути // Средневековая археология волга-Уралья. Сборник научных трудов к 65-летию юбилею Ф.Ш. Хузина. РФ. Казань: Институт археологии им. А.Х. Халикова АН РТ. 2016. – С. 45-54.*
4. Байпаков К.М. *Раннесредневековые города и поселения Северо-восточного Семиречья // Новое в археологии Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1968. – С. 76-81.*
5. Нуржанов А.А. *Средневековый Кастек // Материалы Международной научно-практической конференции «Маргулановские чтения 2014» посвященной 110 – летию со дня рождения Академика А.Х. Маргулана. Алматы – Павлодар 2014. – С. 268-291*
6. Агеева Е.И. *Общий обзор находок // Труды ИИАЭ АН КазССР / Археологические исследования на северных склонах Каратау. – Алма-Ата: АН КазССР, 1962. – Т. XIV. – С. 260-276.*
7. Распопова В.И. *Гончарные изделия согдейцев Чуйской долины // Труды Киргизской археолого-этнографической экспедиции. – М.: АН СССР, 1960. – Т. IV. – С. 158-167.*